

Ж.М. Аманжолов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық құқық кафедрасының доценті, Қазақстан, Алматы қ.

Тұғыры бөлек тұлға

Ұлы Абай атамыздың: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», – деген ұлағатты сөздері бар. Аталып өтілген сол асыл үш қасиетті Жамбатырова Гүлжауһар Шағатайқызының бойынан толық көруге әбден болатын. Өзі қызмет атқарған 1995-2001 жылдар аралығында университет тарихы мен жүйесінде тұңғыш рет құрылған халықаралық қатынастар факультетінің күрделі де сан-салалы қызметін бір орныққан тәртіпке салу, оның беделін көтеру және жаңа әрі қалыптаса қоймаған ұжымның басын ортақ мүдделі мақсатқа біріктіру, шынтуайтына келгенде, ашық мінезді, адам табиғаты мен сырын түсіне білетін, туындап қалатын қиын сәттерде ақылға салып, дұрыс шешім қабылдай алатын тұлғаның қолынан ғана келетін іс. Ол кісі еңбек еткен уақыт ішінде факультеттің оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбие саласындағы жетістіктері қомақты және бұл ретте қосқан жеке үлесі орасан зор болды деп айтуға толық негіз бар. Әсіресе республика көлемінде мүлдем ашылып көрмеген халықаралық құқық кафедрасының болашағына елеңдеуі, бірақ түбінде оны қажетті құрылым мәртебесінде мойындата білуі бәрімізге ұстаз әрі тәрбиеші бола білген тұлғаның жігерлігі.

Гүлжауһар Шағатайқызының кескін-келбетін оның кәсіби қызметімен байланыстырған жағдайда мен үшін ұнамды әрі қуанта білетін бір ерекшелігі – ол кісінің үнемі факультет ұжымының әр мүшесін жақсы тануы және оған жақын бола білуі еді. Қателесіп, теріс кетіп қалған тұстарда жіті тыңдап, жөнге салудан жалықпайтындығы және ашуды сабырлыққа салып, жеңе білетіндігі бұл тұлғаны тағы бір жаңа қырынан көрсетеді.

Факультет пен оның қарамағында қызмет етуші кафедралардың үйлесімді тіршілігі, студенттер мен оқытушы-профессорлар арасындағы қарым-қатынастардың ашық та шынайы болуы, университет, тіпті қала берді республика шеңберінде «халықаралық қатынастар» және «халықаралық құқық» мамандықтарының кең танымал болуы да Гүлжауһар Шағатайқызының тер төккен нәтижелі ісі еді. Бүгінгі күнде сол жылдары қалыптасқан жақсы дәстүрлер ұмыт болып баратқан сияқты. Десек те, факультет тарихында, факультет төрінде Гүлжауһар Шағатайқызының орны әрдайым бөлек. Тұлғаны тани білген және бірге қызмет жасаған барлық әріптестер үшін ол кісі тұғыры биік, мерейі үстем болған «біздің бірінші декан» болып қала бермек.